

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қостанай облыстық аумақтық инспекциясының «Б» корпусындағы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға осы мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс туралы хабарландыру

Барлық конкурс қатысушыларына арналған ортақ біліктілік талаптары:

С-О-5 санаты үшін:

жоғары білім;

мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-5, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-5, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) орталық, облыстық немесе қалалық деңгейдегі құқық қорғау органдардың кіші басшы құрамынан немесе арнайы мемлекеттік органдардың сержанттар құрамынан төмен емес лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес;*

5) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық жалақысы

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
С-О-5	83282	112431

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қостанай облыстық аумақтық инспекциясы, 110000 Қостанай облысы Қостанай қаласы, Набережная көшесі, 43, анықтама үшін телефондар: 8(714-2-532-150, электрондық мекен-жайы e-mail: g.naurzbaeva@msh.gov.kz «Б» корпусындағы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға **осы мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурс жариялайды:**

1. ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қостанай облыстық аумақтық инспекциясының қаржылық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің мемлекеттік сатып алу бойынша бас маман - бухгалтер (С-О-5 санаты) 1 бірлік.

Функционалдық міндеттер: Мүлікті бухгалтерлік есепке алу, (негізгі құралдарды, тауар-материалдық құндылықтарды есепке алу, көрсетілген қызметтерге жеткізушілермен және тапсырыс берушілермен есептесу және басқа да) шаруашылық операциялар бойынша жұмыс атқарады, қаржы тәртібін және ресурстардың үнемді пайдалануын сақтайды, тиісті бухгалтерлік есеп саласы бойынша бастапқы құжаттамаларды қабылдай отыра оларға бақылау жүргізеді және оларды есеп өңдеуіне дайындайды, негізгі құралдар, тауар-материалдық құндылықтар және қаражат қозғалысымен байланысты операцияларды бухгалтерлік есепке алу шотында көрсетеді, салықтық және басқа да міндетті төлемдерді, заңнамаға сәйкес зейнет ақы және басқа да төлемдерді бюджет табысына аударады, жұмыскерлерге еңбек ақы аударады, есептердің (саласы) тиісті бағыттары бойынша аудиторлар басшыларын және басқа есеп беру пайдаланушыларын салыстырмалы және дұрыс бухгалтерлік ақпаратпен қамтамасыз етеді, ұйымның қаржы-шаруашылық жұмысына экономикалық талдау жүргізуіне қатысады, бухгалтерлік құжаттардың сақталуын бақылайды, оларды белгіленген тәртіпке сәйкес мұражайға тапсыруды рәсімдейді. Тауар, жұмыс, қызмет көрсетушілермен олар ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының нормалары қолданылмай жүзеге асырылатын болғанда олармен келісім шарт жасайды, мемлекеттік сатып алулардың жылдық жоспардың әзірленуіне қатысады, бөлімінде құжат айналымы бойынша жұмыс жүргізеді, келісім шарттарды ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінде тіркеу үшін өтінімдер құрастырады. Іс номенклатурасын, бөлімнің жұмыс жоспарын құрастырады, бөлім басшысымен белгіленген басқа да міндеттерді орындайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, есеп және аудит, қаржы).

2. ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қостанай облыстық аумақтық инспекциясының биологиялық қауіпсіздік бөлімінің бас маманы (С-О-5 санаты) , (уақытша бала күту мерзіміне 2019 ж. 31.05 дейін) - 1 бірлік.

Функционалдық міндеттер: Жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың эпизоотиялық ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды емдеу бойынша атқарылып жатқан ветеринариялық іс-шараларға бақылау жіргізеді. Ветеринариялық есепті және есеп беруді жүргізеді және Қазақстан Республикасының ветеринариялық саладағы заңнамада белгіленген тәртіпте ұсынады. Ветеринариялық құжаттарды беру құқығына ие. Ветеринария туралы ҚР Заңнамамен белгіленген басқа функцияларды жүзеге асырады. Бөлім басшысымен белгіленген басқа да міндеттерді орындайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары. Ветеринариялық (ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария)

Құжаттарды қабылдау мерзімі: конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап **3 жұмыс күннің** ішінде, көрсетілген мекенжай бойынша тиісті мемлекеттік органдарға тапсырылуы тиіс. Құжаттар электронды түрде мемлекеттік органның электрондық почтасы не «Е-gov» электрондық үкімет порталы немесе «е-қызмет» интегралды ақпараттық жүйесі арқылы берілген жағдайда олардың түпнұсқасы әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) тиісті персоналды басқару қызметімен құжаттарды тапсыру күніне дейін күнтізбелік 30 күн ішінде расталған қызметтік тізім.

Құжаттардың толық емес пакетін немесе дәйексіз мәліметтерді ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсыныстар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Әңгімелесу өткізудің орны: Ішкі конкурсқа қатысатын кандидаттар әңгімелесуге жіберілгені туралы хабардар етілген күнінен бастап **3 жұмыс күн** ішінде Қостанай қаласы, Набережная көшесі, 43, 1 қабат, мәжіліс залында әңгімелесуден өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда, соның ішінде ғылым саласында жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне бес жұмыс күннен кешіктірмей шағымдана алады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Б» корпусының мемлекеттік
әкімшілік лауазымына
орналасуға конкурс өткізу
қағидаларына 2-қосымша

**ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау
Комитетінің Қостанай облыстық аумақтық инспекциясы**
(мемлекеттік орган)

Өтініш

Мені _____

_____ бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу конкурсына қатысуға
жіберуіңізді сұраймын.

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс
қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға
міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

Мекенжайы және байланыс телефондары:

(қолы)

(Т.А.Ә. (болған жағдайда))

« ____ » _____ 20__ ж.